

Егемен Қазақстан

Егемен.kz

Ғарышқа самғау – алысқа самғау



Кеңес Одағының ғарышкері Юрий Гагариннің адамзат қауымында тұңғыш рет Жер атты планетамыздың тартылыс күшін үзіп шығып, біз үшін беймәлім ғарыш кеңістігіне көтерілгеніне дәл бүгін 52 жыл толды. Міне, осы бұрын-соңды болмаған ұлы оқиғаның Еуразия аталатын алып құрлықтың қақ жүрегінде қоныстанған қазақ жерінен – Байқоңыр ғарыш айлағынан бастау алуы біздің халқымыз үшін үлкен мақтаныш әрі үлкен символдық мәні бар мәселе.

Қазіргі күні әлем елдерінің барлығы дерлік ғарышты игеруді адамзат қиялын іске асыруға негізделген абыройлы жоба деп қана емес, сонымен қатар, саяси, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан кез келген елге көл-көсір табыс әкеле алатын нағыз пайдалы іс деп қарап, оның тиімділігін әбден ұғып болды. Дүние дидарындағы 170 елдің 120-сының өздерінің ғарыштық бағдарламаларын жасап, соны жүзеге асыруға ұмтылыс танытуы осы сөзіміздің айқын айғағы. Дегенмен, сарапшылардың пікіріне қарағанда, алдағы күндеріне үкілеген үміттерін қосып отырған осы 120 елдің әзірге 8-інің ғана өзіндік зымырандық-ғарыштық технологиялар жүйесі бар. Бұл күндері әлемдік Ғарыш клубына мүше елдер деп ерекшелеп атайтын осынау елдердің қатарына Ресей, АҚШ, Еуроодақ, Украина, Қытай, Үндістан, Жапония және Израиль кіреді. Сонымен қатар, сарапшылар таяудағы бес жылдың ішінде бұл клубқа Қазақстан, Оңтүстік Корея және Бразилия елдерінің де келіп қосылуы әбден мүмкін екендігін жоққа шығармайды. Біздің қолымызға келіп түскен деректерге қарағанда, Қазақстан аталған элиталық клубқа кіруді 2015 жылға жоспарлап отырған көрінеді.

Енді Ғарыш клубына мүше елдердің қандай бағдарламаларды жүзеге асырып жатқандығы туралы жеке-жеке тоқтала кетейік.

АҚШ. Ғарыштық бағдарламаларды игеруде әлемде бірінші орында тұрған Америка Құрама Штаттары аталған мақсатқа орасан зор қаржы жұмсауда. Мәселен, 2009 жылы ғарыштық державалар өз бағдарламаларын жүзеге асыруға жалпы жиыны 68 миллиард долларды бағыттаса, осы қаржының 48,8 миллиард доллары бір ғана АҚШтың үлесіне тиіпті. Ал Еуропалық одақ елдері (бұл елдер ғарыштық бағдарламаларды игеруде бір ұйым аясында бірігіп отыр) – 7,9 миллиард, Жапония – 3 миллиард, Ресей – 2,8 миллиард, Қытай 2 миллиард доллар жұмсаған екен.

АҚШ президенті Барак Обаманың берген тапсырмаларына сәйкес елдің НАСА агенттігі алдағы уақытта Күн жүйесін роботтар арқылы зерттеуді қолға алып, Күн «атмосферасының» сынамасын алмақ. Ал 30-ыншы жылдардың ортасына таман Марс орбитасына адамдарды жеткізіп, оларды Жерге қайта алып келуді жүзеге асыра бастайды. Мұнан кейін Марстың өзіне барып қонатын болады. Сондықтан 2011 жылдан бастап, елде осы планетаны алдын ала зерттей түсу үшін марсоходтардың жаңа түрлерін шығару ісі басталып кетті. Ал, үстіміздегі жылы НАСА Айға робот-аваторларды жібермек. Жерден басқарылатын бұл роботтар аталған елдің Айдағы базасын қалыптастыру ісімен шұғылданатын болады.

Ресей. Бұл елдің ғарыш жөніндегі таяудағы жылдардағы жоспары Жер планетасының айналасындағы кеңістікті зерттеуге негізделген. Мұның ішінде Айды игеру, Марсқа ұшу жоспарлары да бар. Нақтырақ айтатын болсақ, Айға ұшып бару 2025 жылы жүзеге асатын болады. 2035 жылға дейін сонда тиісті база қалыптастырылады. 2026 жылы Ресей Жерді астероидтардан қорғау жүйесін құрмақ. 2035 жылдан кейін Марсқа ұшпақ. Осы мақсатта биылғы жылы Марсқа спутник ұшырып, одан топырақ алу көзделіп отыр. Ал 2015 жылы Айдан топырақ әкелінетін болады.

Қытай. Іргедегі алып көршіміз 2011-2015 жылдар аралығында ғарышқа 12-14 спутник ұшыруды жоспарлаған. Сөйтіп, 2020 жылға таман Қытайдың өзіндік навигациялық спутниктік жүйесі пайда болады. 2025 жылға таман бұл ел ғарыш орбитасынан өзіндік жеке станса салуды жүзеге асырмақ. Сөйтіп, бірте-бірте Айды игеріп, оған тұру үшін адамдар апармақ.

Үндістан. Бұл елдің өз ғарыш айлағы бар. Бірақ ғарыштық технологиялары әлі толық жетілмегендіктен, негізінен алғанда Ресеймен тығыз әріптестікте жұмыс істегенді жөн көріп отыр. Биылғы жылы ғарышқа тағы бір спутник ұшырып, алыс болашақта Айға тұрақты жұмыс істейтін луноход қондырмақ. Оны Ресей зерттеу аппараттарымен жабдықтамақ.

Жапония. Жапондар Айға көптеген робот-гуманоидтар жіберіп, оның игіліктерін пайдалану жөніндегі жоспарын 2015 жылдан бастамақ. Өзінің жетілдірілу қабілеті тұрғысынан алғанда адам баласына жақынырақ келетін адам бейнелі бұл машиналар Айда геологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізетін болады.

Еуропалық ғарыш агенттігі. Бірнеше елдің басын қосып отырған бұл ұйым 2018 жылға таман адам ұшатын көп мақсатты CSTS ғарыш кемесін жасап шығармақ. Сөйтіп, Айға экспедиция жіберіп, 2030 жылдан кейін Марсқа барып қонбақ.

Израиль. Бұл ел өзінің азаматтық ғарыштық бағдарламасын қаржыландыру көлемін 10 есе арттыруды көздеп отыр. Бұл мақсатқа әржыл сайын 6-10 млрд. доллардан жұмсай бірқатар жобаларды жүзеге асырмақ. Яғни осынау шағын ел ғарышты игеру ісіне үлкен мақсатпен, кең көлемді қаржымен кіріспек.

Украина. Бұл ел өзінің жаңа ғарыштық спутнигін жасау ісін аяқтап қалды. Оны үстіміздегі жылы Бразилияның Алкantara аталатын ғарыш айлағынан ұшырмақ. Елдің 2030 жылға кейінгі кезеңді қамтитын өзіндік ғарыштық бағдарламасы бар. Украина оны жүзеге асыруда ұлы көршісі Ресейден дербес болуды қалайтын секілді.

Міне, ғарыштық державалар осындай өршіл мақсаттарды алға тарта отырып жұмыс істеп жатса, біздің айналамыздағы дамушы елдер де қол қусырып қарап отырмаған көрінеді. Олар да өздерінің ғарышты игеру бағдарламаларын жасақтап, сол бойынша қамқарекет етіп жатқаны белгілі болды. Мұндағы мақсат – жеке спутниктерін ұшыру арқылы өздерінің байланыс және телекоммуникациялық жүйелерінің дамуын дербес те сенімді жолға түсіру, табиғи байлықтарын барлаумен картографияны жетілдіру үшін жерді қашықтықтан зондтауды жүзеге асыру, осындай шаралар арқылы бірте-бірте экономикалық пайдаға кенелу және ақпараттық, саяси-экономикалық тәуелсіздіктерін нығайту.

Мәселен, Армения Ресейге байланыс спутнигін жасау жөнінде тапсырыс берген. Оны ұшыру көп кешікпей жүзеге аспақ. Ал, Әзербайжан өзінің алғашқы телекоммуникациялық спутнигін үстіміздегі жылдың 7 ақпаны күні Францияның Куру ғарыш айлағынан ұшырды. Бұл спутник АҚШ-та жасалынған. Оның бағасы 250 млн. долларды құраған. Әзербайжандар ол қаржыны болашақта 650 млн. доллар етіп, еселеп қайтарып аламыз деген сенімде көрінеді.

Беларусь елі Ресейдің көмегімен өзінің алғашқы спутнигін 2006 жылдың 26 шілдесі күні Байқоңырдан ұшырған болатын. Бірақ, бұл спутник ғарыш кеңістігіне көтерілудің алғашқы сатысында тасымалдағыш «Днепр» зымыранының ақаулығынан құлап түсті. Екінші спутник тағы да Байқоңырдан 2012 жылдың 11 шілдесі күні сәтті ұшырылды. Ресей жағы өздері жасаған алғашқы спутниктің сәтсіздікке ұшырауының кінәсінен екінші спутникті жасауға 16 млн. доллар ғана сұраған көрінеді.

Сөйтіп, ғарыш кеңістігін игеру, осы істен бірте-бірте коммерциялық пайда табу мақсаты әлем елдерінің барлығының көкейін тесіп отырған мәселе. Осы мақсатта жұмыс істеп жатқан елдер қатарында біздің іргеміздегі Өзбекстан мен Болгария, Эстония, Венгрия, Латвия, Литва, Румыния секілді елдер де бар. Тіпті, Африканың Кения, Ливия, Намибия, Нигерия, Азияның Лаос, Моңғолия, Мьянма, Шри-Ланка секілді елдері де босқа қарап жатпаған екен.

Әлем елдерінің жаппай ғарышқа ұмтылысының үлкен бір себебі, қазірдің өзінде қалыптасып үлгірген әлемдік ғарыш қызметіндегі пайда көлемі жыл өткен сайын еселеп артуда. Сондықтан көптеген сарапшылар бұл іске жұмсалған қаржыны «нағыз болашақ инвестициясы» деп есептеуге көшкен. Сөзіміз дәлелді болу үшінмына цифрларды келтіре кетейік:

1990 жылдардың ортасында әлемде ғарыш қызметінен түсетін кіріс көлемі 77 миллиард долларды құраса, мұнан кейінгі 5 жылдың ішінде ол көрсеткіш 168,2 млрд. долларға жеткен екен. Ал 2006 жылы одан түсетін пайда 220 млрд. долларды құраса, 2007 жылы 251,16 млрд. доллар болған. Тіпті әлемді дағдарыс кернеп алған соңғы жылдардың өзінде бұл сала барынша рентабельді болып шықты. Ол әр жыл сайын кем дегенде 10 пайыздан астам көрсеткішпен өсіп келеді. Қазіргі уақытта телекоммуникациялық қызметтердің, соның ішінде ұялы байланыс жүйесінің екпіні тау жыққандай болып, барынша қарқынмен дами түсуінің өзі ең алдымен ғарыш қызметінің мультипликативтік тиімділігінің нәтижесі екендігін көзі ашық жандардың бәрі жақсы түсінеді.

Ғарышты игеруге қатысты өзінің өршіл жоспарын ұсынып отырған елдердің қатарында біздің Қазақстан да бар. Басқа елдерден Қазақстанның бір үлкен артықшылығы жерімізде Байқоңыр ғарыш айлағы орналасқан. Ол әлемдегі еңірі ғарыш айлақтарының бірі болып табылады. Осы үлкен стратегиялық артықшылығымызды орынды пайдалану үшін алдағы уақытта бізге бір елдің, бір ғарыштық державаның ғана жетегінде кете бермей, ғарыш саласындағы халықаралық саясатымызды көп қырлы етіп жүргізгендігіміз жөн секілді көрінеді.

Қазақстанда қазіргі күні ғарышты игеруге қатысты ауқымды жобалар жүзеге асу үстінде. Еліміздің Ұлттық ғарыш агенттігі құрылып жұмыс істегеннен бері біз бұл бағытта көп ілгеріледік. Сондықтан көптеген сарапшылар Қазақстанды таяудағы жылдардың өзінде әлемдік Ғарыш клубына қосылуға қабілетті елдердің бірі деп сенімді түрде атап көрсетіп отыр.

Иә, бірқатар шағын елдердің ғарышқа 1 спутник ұшырысымен өзін Ғарыш клубына мүше болатын болдым деп айғайға басуына қарағанда, біздің жасап жатқан қазіргі әрекеттеріміз, соның ішінде ғарыштық аппараттарды өзімізде жасау, ғарыш аппараттарын басқарудың сенімді жүйесін іске қосу, білікті мамандар корпусын әзірлеу бағытындағы атқарып жатқан шаруаларымыз бен сенімді қадамдарымыз Қазақстанның ғарышты игеру жөніндегі ниеті неғұрлым нақты да табанды екендігін дәлелдей түседі.

Міне, осындай жағдайда Қазақстан Үкіметінің ғарыш саласын игеруге қатысты шығындарды азайтып жіберуі кейбір жағдайда көңілге алаң туғызатындай. Мәселен, біздің қолымыздағы деректерге қарағанда, Қазақстан Үкіметі отандық ғарыш қызметін дамытудың 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламасын қаржыландыру көлемін 128,3 млрд. теңгеден 103,3 млрд. теңгеге дейін шегеріп жіберген. Соның ішінде аталған іске 2012 жылы – 35,8 млрд. теңге, 2013 жылы – 10,03 млрд. теңге, 2014 жылы 3,6 млрд. теңге жұмсау көзделініп отырған көрінеді.

Қазақстанда қазіргі күні білімді жастар өсіп келеді. Елбасының «Болашақ» бағдарламасының аясында жастарымыз әлемнің алдыңғы қатарлы оқу орындарында білім алып, бірнеше шет тілін еркін меңгере алатындай жағдайға жетті. Экономикамыз болса, әлемдік дағдарысқа қарамастан, жылдан-жылға өсе түсуде. Демек, тәуелсіз еліміздің қазіргі жағдайы мен мүмкіндіктеріне және мүддесіне сәйкес келетін өзіндік ғарыш бағдарламасының болуы және оның мүлтіксіз жүзеге асырылуы осы адами интеллектуалдық және материалдық ресурстық игіліктерімізді алдағы уақытта кеңінен пайдалануға мүмкіндік беріп, ел байлығын еселей түсуге, экономикамызды сапалы деңгейде серпінді алға бастыруға өлшеусіз қызмет ететін болады. Өйткені, ғарыш қызметі бұрын әлемдік ғылыми-техникалық прогрестің көп нәтижелерінің бірі ғана болып табылса, ендігі кезекте сол прогресті одан әрі алға бастырудың қуатты қозғалтқышына айнала бастады. Былайша айтқанда, пойыздың жылжымалы құрамындағы көп вагондардың бірі болып келген сала енді паровоз орнына келіп тұрып, пойыздың өзін сүйреуге кірісті. Біз қазіргі күні кез келген экономикалық саланың алдағы уақытта ғарыш қызметіне сүйене отырып қана алға баса алатындығын, бұл фактордың өмірдің басты заңдылықтарының біріне ай - налатындығын жаппай мойындау кезеңіне келіп кірдік. Ендеше, болашақтың даңғайыр үлкен саласы, қуатты қозғалтқыш күші ғарыш қызметінен қаржыны аяп қажеті жоқ. Қазіргі қолда бар мүмкіндіктерді пайдалана отырып, оны барған

сайын дамыта беру керек. Осыны жақсы түсінген шағын ел – Израиль бұл іске әр жыл сайын ондаған миллиард доллар қаржы салуды жоспарлап отырған жоқ па?!

Қазақстанның 2050 жылға дейінгі стратегиялық дамуында инновациялық үдерістің неғұрлым жоғарғы түрі ретінде атап көрсетілген ғарышты дамыту мәселесінде, біздің ойымызша, полемика жасап ешбір қажеті жоқ. Болатын дүниені боямасыз шындық есебінде қабылдаған жөн. Мәселен, ата-ананы алайық. Ол шамасы келсе, өзінің үміт күткен баласының көрініп тұрған болашағы жөнінде осы іске қаржыны көп немесе аз жұмсап қойдым-ау деп ешбір бас қатырып, бір-бірімен дауласып жатпайды. Өздерінің мүмкіндігінің шегінде барынша қолдауға ұмтылады. Өйткені, Алла Тағала өмірді дамыту мәселесінде кез келген адам баласына қателеспейтіндей инстинкт сезімін беріп қойған. Ендеше, Қазақстан Үкіметі де ғарыш қызметі секілді аса маңызды жоғары технологиялық саланы дамыту ісіне әрбір ата-ана бойында кездесетін осындай әрі «инстинктік, әрі прагматикалық» қағидатпен, жүрек жылуымен жұмыс істеуі қажет деп есептейміз.

Сұңғат ӘЛІПБАЙ